

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1778>

***С. М. Шормакова¹, Ж. Бейсенұлы², Е. Б. Абдимомынов³**

^{1,2,3}М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0459-5430>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4999-2090>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9534-4281>

*e-mail: maral85.85@mail.ru

РИТОРИКА – МӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫСТЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Бұл мақалада риториканың ішкі құрылымын және білімнің басқа салаларымен байланысы сипатталған. Шешендіктің қоғамдағы маңыздылығы антика дәуірінен бастау алатындығы, Аристотельдің риториканы табиғаттың сыйы, дарын дегені жайлы және Платонның риторика жан дүниені сөзбен жаулап алу деген пайымдаулары негізге алынып, сарапталған. Сонымен қатар, риторикаға мәдени, тарихнамалық, тарихи-салыстырмалы және философиялық-антропологиялық көзқарастар оның ішкі өмірін көп өлшемді тұтастық, оның дамуы, қызметі ретінде ашаатын мәселелер шеңберін қамтуға қатысты ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, атап айтқанда: Ж. Дәдебаев, Ж. Молдабеков, Р. М. Әбдіқұловалардың пікірін негізге ала отырып, Р. Сыздықованың ғылыми тұжырымы мен қазақ шешендерінің сөздеріне сілтеме берілген.

Ғасырлар бойы біз риториканы классикалық - гуманитарлық пәндердің бірі ретінде қарастырып келгендігіміз, шешендік өнерді меңгеру адамды ақылмен, терең ойланып сөйлеуге бейімдейтіндігі және логиканың ұшқырлығын қалыптастыратындығы, шебер, орынды, сабырлы және сенімді сөйлеуге дағдыландыратындығы сараланған. Мәдени сөз сөйлеуде риторикаға жүгінудің маңыздылығы, сонымен бірге, қазіргі таңда да қажеттілігін жоғалтпағандығы пайымдалған.

Зерттеу нәтижелерін риторика, сөйлеу пәндері, мәдениеттану, эстетика, әлемдік мәдениет тарихы, мәдениет теориясы мен философиясы бойынша курстарды оқуда қолдануға болады.

Кілтті сөздер: риторика, сөз мәдениеті, шешендік сөйлеу, ортология, сөздің дұрыстығы, Логос, Этос, Пафос.

Кіріспе

Тіл – күрделі жүйе, оның негізгі элементі дыбыстық үндестікті сақтап, әсерлі сөйлеу болып табылады. Сөйлеу әрекеті – адамның физиологиялық, психикалық, ақыл-ой энергиясының жиынтық нәтижесі, адамзат қоғамының өмір сүруі мен дамуының қажетті шарты, халықтың рухани мәдениетінің маңызды элементі. Мәдениетпен сөйлеу әрекеті өзара байланысты, оның ұйымдастырушы күштерінің бірі – шешендік өнер, яғни риторика.

Осы кездегі адамдардың күнделікті қарым-қатынасында, ғылымда, саяси өмірде, білім беру жүйесінде сөйлеу мәдениетінің құлдырауының тұрақты тенденциясы аса қауіпті жағдайда, яғни, қазіргі таңда тілдің шұбарлануы, оның бейнелілігі мен поэтикалық сұлулығының, орып түсетін өткір күшінің солғындауы, әртүрлі варваризм мен керекті-керексіз терминологияның көбеюі сияқты мәселелер кең етек жаюда. Қазіргі қазақ қоғамында сөйлеу әрекеті аясында сөзді дұрыс қолданбау, сөйлей, тыңдай және ести алмау, адами қарым-қатынас үрдісінде келісімге келу секілді мәселелерде қазақша сөз қолдану тапшылығы өткір сезіледі. Бұл қоғамның рухани жаңғыруы үшін адамдардың қазақша сөйлеу мәдениетін жандандырмай, сөз қадірінің мәселесі толық шешілуі мүмкін емес екендігін сенімді түрде айтуға болады.

Мәдениет туралы сөз қозғағанда, адам адамға жүгінетін риторикалық хабарламаның мазмұны мен құралдарында дүниежүзінде бұрын-соңды болмаған өзгерістердің алдында тұрғанын түсіну керек. Біз таңбалар дәуірінде өмір сүріп жатырмыз, сондықтан да, адамдарды ақылмен басқаратын заманда әлеуметтік мәселелерді ұсыну немесе шешу құралы ол – мәдени-шешен сөйлеу. XX ғасырдың екінші жартысында бұқаралық-ақпараттық үдеріс сияқты құбылыс пайда болды, сонымен қатар қарқынды дамыды. Техникалық құралдардың көмегімен білімді, рухани құндылықтарды, моральдық нормаларды үлкен аудиторияға тарату мәдениеттің жұмыс істеу үдерісіне, оның мазмұнына анағұрлым терең әсер етеді. Қазіргі таңда баспасөз де радиохабар тарату да жетілген, теледидар мен мультимедиялық технологиялар, дамыған, тіпті интернет заманауи техникалық жағынан кемелденгені белгілі. Осы тұрғыдан келгенде бұл құралдарының этикалық мазмұнын бақылап, адамның ішкі әлеміне кері әсер етіп бұзатын жалған мәдениеттің таралуына жол бермеу қажет. Бұл мәселені шешуде шешендік өнердің атқаратын қызметі күшті, рөлді маңызды.

Ғасырлар бойы риториканы классикалық гуманитарлық пәндердің бірі ретінде қарастырып келдік. Шешендік өнер адамды ақылмен, ойланып сөйлеуге бейімдейді, сонымен бірге, логиканың ұшқырлығын қалыптастырып, шебер, орынды және сенімді сөйлеуге дағдыландырады. Қазақ шешендік өнері адамның жеті қырлы бір сырлы болуына септігін тигізіп, грамматика және диалектикамен бірге білім беру тривиумын құрады.

Материалдар мен әдістер

Риторика – бұл нормативтік пән, ол іс-әрекетті таңдауға әмбебап және жеке шектеулер қояды. Риторика сөйлеу өнері болса, шешендік өнердің мағынасы терең, ол – тарихи құбылыс. Сондықтан да риторика – мәдени құбылыстың құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, сөйлеу өнерінің мәдениеттегі қыры мен сырын ашпақпыз. Сөйлеу өнерін меңгерген адам сұхбаттасушымен білгілі бір тақырыпта әдеттегідей сөйлесуге тырысады және алға қойған мақсатының нәтижесіне жету үшін сұхбаттасушысының психологиясына әсер етіп, оны сендіреді. Журналист және саясаткер, адвокат және оқытушы алға қойған, көздеген мақсатына жетуде қазақ тілінің бірқатар мүмкіндіктерін пайдаланып, оңтайлы тілдік және поэтикалық сөйлеу құралдарын таңдауды анықтайтын «ішкі және сыртқы координаттар» жүйесін ұстанады [1].

Шешендіктің (риториканың) қоғамдағы маңыздылығы жайлы антика дәуірінде-ақ өз бағасын алған. Мысалы, Аристотель сөйлеу өнерінің табиғаттың сыйы, дарын екендігі жайлы айтса, Платонның риторикаға берген пайымдауынша: «Жан дүниені сөзбен жаулап алу» [2]. Шешендік өнер – бұл практикалық ауызша өзара әрекеттесу өнері. Шешендік ол өнер ретінде де ғылым ретінде де қарама-қарсы ұғым емес, керісінше біріне-бірі қосымша болып табылады, өйткені олар адамды өзінің болмысының әртүрлі деңгейлерінде таниды. Қазіргі уақытта гуманитарлық білім жүйесіндегі шешендік өнерді қалпына келтіруді жақсы өмірге, адамгершілікке, мейірімділік пен өзара түсіністікке деген жалпы ұмтылыспен адамның жеке басының қадір-қасиеті мен құндылығын растаумен байланыстыруға болады. Шешен сөйлеу мәдениеті адамзат қоғамының гуманитарлық дәстүрінде терең тамыр жайған және мәдениеттану аясында оны гуманитарлық-эстетикалық сана тұрғысынан қарастырған жөн.

Қазақ шешендік сөздерінің тарихы мен теориясының мәселелерін талдауға: А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Ж. Көпеев, Ә. Мәметова, Б. Адамбаев, Н.Төреқұловтар атсалысса, қазіргі таңда, Ж. Дәдебаев, С. Дәуітов, С. Негимов, М. Жармұхамедов, С. Қасенов, С. Қосан, С. Қорабай, Т. Жарқынбекова, Г. Қосымова, Ж. Молдабеков, Р. Сыздықовалар көптеген мәселелерді шешумен айналысты. Атап айтқанда, тіл философиясы, риторика тарихы, сөйлеу мәдениеті, көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі, сөйлеу жанрлары, стильдері, адамның сөйлеу мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті және т. б. Қазақ шешендік сөздерінің теориясы саласындағы идеялардың қазіргі таңдағы ең маңыздысы Ж. Дәдебаевтыңбектері деп санау орынды.

Р. Сыздықтың пікірінше: «Сөз мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс киюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты

жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Осылардың бәрін қосып, сөз мәдениеті деген ғылым-таным саласын «ортология» деп айтушылық бар, яғни ортология – сөздің дұрыстығы туралы ілім» [3, 45-б.]. Зерттеу жоғарыда аталған материалдарды талдауға негізделген.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі уақытта сөйлеу қарым-қатынасының заманауи тәжірибесін талдауға, сөйлеу дағдыларын тәрбиелеудің нақты әдістерін жасауға қажеттілік артуда. Біздің елімізде соңғы жылдары шешендік сөздерді теориялық зерттеумен және мұғалімдер мен оқытушыларды шешен сөйлеуге дағдыландыру мақсатында жоғары оқу орындарында оқытылатын білім беру бағдарламаларында шешендік өнер пәні оқытылуда. Сонымен қатар, орта мектептерде таңдау пәні ретінде енгізілген. Жыл сайынғы халықаралық конференциялар мен семинарларда осы тақырып аясында мақалалар жарияланып, қазақ шешендік сөздерінің классикалық дәстүрлерін жандандыруға күш салуда. Шешендік өнерге қатысты оқулықтар және басқа да арнайы әдебиеттер шығару жылдан жылға артып келеді. Оқу-тәрбие процесі, педагогикалық шешендік өнер, сөз мәдениеті мәселелерін Б. Қалимұханова, З. Жаңбырдың, ал философия мен шешендік теориясының мәселелері әсіресе Ж. Молдабековтың оқулықтарында терең қамтылған. Қазақ шешендік өнерінің отандық риторикалық идеалы, дәстүрлері мен құндылық бағдарлары қазіргі таңда шешентанушылардың зерттеулерінде толық және жүйелі түрде зерттеліп жатыр. Жаңа тәсілдерді лингвопрагматика, лингвоэкология, психолингвистика секілді сабақтас ғылымдардан да кездестіреміз. Бүгінгі таңда шешентану ғылымның терең мамандануына байланысты мәселелерді шеше алатын идеялар генераторының бір түрі немесе шешендік сөздер гуманитарлық ғылымдардың метатілінің бір түрі болып табылады.

Алайда, көптеген зерттеулерге қарамастан, қазіргі ғылымда, шешендікке қатысты айтылып жүрген біраз мәселелер нақты емес. Осы мәселенің теориялық дамуын жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, ғылыми әдебиеттегі мәдениет пен шешендік өнердің арақатынасының жалпы мәселелері толық қарастырылмаған. Қазіргі уақытта шешендік өнерді философиялық тұрғыдан зерделеуімізбен, мәдени тұрғыдан зерттеу ақсап жатыр. Осылайша, сөйлеу өзара әрекеттесуінің теориясы мен практикасын зерттеудің фрагменттік сипатын еңсеру, оны жүйелі түрде әр қырнан талдау қажеттілігі және шешендік сөздердің мәнін мәдениеттің көп қырлы феномені ретінде философиялық және мәдени талдауды жүзеге асыру және мәдениеттің әртүрлі тарихи түрлерінде оның даму ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі туындап отыр. Мысалы, «Төрт тентекте» [4, 142-б.]. Бөлірік шешеннің жас кезіндегі дау шешуі сөз болады. Мұнда шешен

шешімі шықпай созылып кеткен даудың мәселесін әбден зерттеп, зерделеп өз пайымын жасайдыдағы сол мақсатын жүзеге асыру үшін дау болатын жиынға ел жиналып болды-ау деген кезде келеді. Жиналған қауымның назары жас балаға ауған тұста биліктің тізгінін ұстап отырған билерге сәлем бере тұрып, осы дауды шешуге рұқсат сұрайды. Рұқсатын алған соң шешен жиналған қауымға қарап, ердің құнын өздері шешуді сұрайды. Көпшіліктің шешіміне сүйене отырып, өзі пайымдап келген «төрт тентегін» таныстырады. Соңында әділ шешімін айтады. Осы мысалдан ғасырлар бой қалыптасқан шешендік өнерге тән мәдениетті көреміз. Шешендік өнердің теориялық негіздерін, оның мәнін, тұжырымдамалық аппаратына салып талдау арқылы шешендік өнерге тән ережені, дәстүрді, кемелденуді, шешендікке тән жағдайды қолдану шекараларын байқаймыз.

Жалпы, шешендік әлеміне ену үшін шешендік сөздердің табиғатына терең бойлап, оның негізгі қасиеттері мен функцияларын, шешен сөйлеу үдерісіндегі пәндік-теориялық құрылымын түсіну қажет. Шешендік өнердің тарихи дамуындағы ең тұрақты философиялық-эстетикалық және әлеуметтік көріністерін салыстыра отырып зерттеу арқылы шешендік сөздердің тууына себепші болған тарихи оқиғаларға қатыстымәдени-тарихи типтер контекстіне сүйеніп шешендік сөздердегі мәдениеттің болмысын және оның ғасырлар бойы дәстүрлі жалғасып келе жатқандығын дәлелдей аламыз. Сонымен қатар, қазақ шешендік сөздерін еуропалық гуманистік мәдениеттің әртүрлі дәуірлеріндегі риторикалық іс-әрекеттің көріну ерекшеліктерімен салыстыра отырып, ежелгі дәуірдің практикалық философиясы ретінде, Ренессанстың эстетикалық көзқарастары тұрғысынан, қазіргі замандағы классикалық білімнің маңызды бөлігі ретінде қарастыруға баса назар аударуымыз қажет. Қазіргі адамзат қауымдастығын жетілдірудің гуманитарлық негіздерінің бірі ретінде жаңартылған (классикалық дәстүрлер мен идеялар негізінде) риторикалық теория мен практиканың маңыздылығын негізге алып, қазақша сөйлеу этикетін әлеуметтік өзара әрекеттесу нысаны ретінде сөйлеу әрекетінің ойын, көркемдік басталуын және оның көркемдік- поэтикалық, экспрессивті мүмкіндіктерін отандық қазақи ортада сөйлеу өнерінің қазіргі жай-күйін және оның даму перспективаларын жасауымыз қажет.

Қазақ шешендерінің сөздерін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан алғанда, жұмыс классикалық рационалистік еуропалық философияға негізделіп, оның негізгі принциптерінде ежелгі ойшылдардың – Платон, Аристотель, Цицерон дәстүрлеріне бағытталған. Олар жалпы гуманитарлық мәдениеттің де, риториканың да тарихи-философиялық аспектілерін көрсетеді. Сөйлеудің белсенділік аспектісі, белсенді сөз бен паралингвистиканың экспрессивті мүмкіндіктері, XX ғасырдың гуманитарлық ойына айтарлықтай әсер еткен тіл философиясы саласындағы негізгі ережелер қазіргі тіл білімінің

зерттеу нысанына айналған. Тіл теориясы саласында тілдің онтологиялық философиясы, герменевтикасы, риторикалық семиотикасы мәдениет тарихы саласындағыжаңаша тұжырымдамалар болып табылады.

Шешендік өнерге қатысты негізгі анықтамалар мен тұжырымдамаларға теориялық-әдіснамалық талдау жасап, салыстырмалы-типологиялық әдіс негізінде оларды жіктеп,мәдениеттегі шешендік сөздердің классикалық білім берудің негізін құрайтын оқу пәні ретінде қалыптасуы мен сөйлеу шеберлігінің технологиясы ретінде өмір сүруде әр түрлі әлеуметтік салаларда сөйлеу қызметін оңтайлы жүзеге асырудың заңдылықтарын дамытатын ғылым ретінде сайып келгенде, сөйлеудің ерекше өнері – практикалық бағыт пен көркемдік-бейнелік инкарнацияның бірлігін құрайтын сөздің қолданбалы өнері ретінде қарастыру қажеттілігі туындады.

«Сөйлеу туралы ілімнің» кең таралған ғылыми тұжырымдамасы тұрғысынан қарағанда кеңестік дәуірде қазақ шешендік өнерінің шынайы табиғаты танылмағандықтан, қазақ шешендік сөздерін онтологиялық, эпистемологиялық, философиялық, этикалық, эстетикалық білім ретінде синкретикалық сапада жүйелі талдап,шешендік өнер мәдениетін тек оның құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен бірге сөйлеу әрекетінің формасына аударылған гуманитарлық мәдениет ретінде қарастыруға болады.

Салыстырмалы-тарихи контексте «риторикалық» жұмыс істеудің негізгі түрлері «риторикалық емес» мәдениеттің әртүрлі формаларында жүзеге асырылатын инвариант олардың нормативті-болжамды әсерін көрсетеді. Шешендік өнер тәуелсіз, өзінің нақты формаларында әр түрлі білім мен шеберлік саласы ретінде және мәдениетті тұтастық ретінде қалыптастыратын қажетті салалардың бірі. Шешендік сөздердегі дискурс ежелгі, Ренессанс және қазіргі заман мәдениеттерінің тарихи сабақтастығы мен трансформациясы аясында байқалып, шешендік өнердегі тәжірибесі мен дәстүрлері, теориялық негіздері мен принциптері ешқашан белгілі бір мәдени контекстте қалмай, әр түрлі уақыттағы шешендік өнерді дамытып, байытады, бұл оның қоғамның мәдени жетілуінің ерекше әмбебап көрсеткіші екендігін көрсетеді.

Қазақша шешен сөйлеу табиғатының этикалық идеалы ашылып, гуманистік шешендіктің классикалық дәстүрлерінің маңыздылығын анықтау, олардың әмбебап категорияларын қоғамды көркейту, адамды жетілдіру және рухани байыту құралы ретінде пайдаланып шешен де шебер сөйлеуді саналы (мәдени) қалыптастырумәдени құндылық.

Сан ғасырлар бойы риторика ғылым ретінде сөздің мәдениетін зерттейді. Риторика – бұл шешен сөйлеу өнері және осы өнердің теориясы, бай мәдени дәстүрге негізделген ғылыми пән. Шешендік өнер санада пісіп жетілген идеяны образды сөзге айналдырудың біртұтас бағдарламасы, ой – сөйлеу

қызметі мен сөйлеу қатынастарының жалпы теориясы. Синтетикалық риторикалық құбылыстың бірлігі мен тұтастығы негізгі категориялардың тұрақты және дәйекті жиынтығына бағдарланумен анықталады. Риториканың негізі әрдайым – Логос, Этос, Пафос болып табылады. Логос – сөйлеу қисыны, Этос – сөйлеушінің адалдығы мен ізгілі, ал Пафос – шешеннің азаматтық ұстанымы.

Жалпы шешендік өнер негізінде қалыптасқан мәдениет рухани тәжірибені өндіру, бекіту, сақтау және беру функцияларын орындайды. Сөйлеу қатынастары үдерісі мәдениеттің кемелденген өнімдерімен: нормалармен, құндылықтармен, идеалмен пара-пар болған жағдайда ғана саз мәдениетін бойына дарытуда кемелденген шешен адамға айналады. Риториканың құндылықтары мен нормалары адамның мінез-құлқының жоғары ынталандыруларын жинақтайды, ынталандырушы күшке ие, мәдениеттің тұрақты әмбебап негіздерінің бірі болып табылады. Идеал ең жоғары құндылықтың тасымалдаушысы ретінде сөйлеу әрекетін бағалаудың негізгі критерийі ретінде қызмет етеді, оның ішінде өнертабыс, орналасу, білдіру, есте сақтау және сөйлеу.

Риторика адамның кемелдікке ұмтылуындағы табиғи бейімділігі мен мүмкіндіктерін өзгертудің тиімді әдісі бола алады және болуы керек. Норма мақсат ретінде идеалдың құралы ретінде әрекет етеді. Риторикалық норма біздің сөйлеу әрекетімізден тұратын барлық нәрсенің мінсіз сапасына қол жеткізу құралы болып табылады: тәжірибе, ойлау, мінез-құлық, қарым-қатынас, түсіну. Осы тұрғыдан алғанда, сөйлеу тек білімді немесе шындықты жеткізу құралы ғана емес, ең алдымен, адамға сөзбен бағытталған өзара түсіністік орнату тәсілі болып табылады.

Риторикалық этос ұсынған көзқарастар мен тұжырымдамалардың алуан түрлілігіне қарамастан, олардың барлығы моральдық инварианттарды іздеуге бағытталған және сипаттамалық емес, нормативтік сипатта болады; олар объективті ұқсастықтарды, зандылықтарды білуге, жеке құбылыстар мен процестерді болжауға арналған. Шешендік өнер негізіндегі мәдениет, оның ішінде сөйлеу этикеті әлеуметтік өзара әрекеттесудің бір түрі ретінде шешен сөйлеу табиғатының үлгілері мен дәстүрлерін сақтау жүйесі ретінде әрекет етеді. Риторика этикалық мағынада адамдарды бір-бірімен байланыстыратын, нәрсе бар, ол – толеранттылық, келісім және ынтымақтастықтың бірлескен тәжірибесі болып табылады.

Адамның өз таңдауы үшін жауапкершілігінің шегі тұрғысынан келгенде риторика басқа ойдағы ойдың көрінісі болып табылады. Риторика ауызша өнерден жүйелі рефлексиямен ерекшеленеді. Бір жағынан, мәдениет феномені ретіндегі риториканы ішкі эмпатия арқылы түсінуге болады, екінші жағынан, белгілі бір техно - колөнердің жүйелеушісі және оқытушысы

ретіндегі риториканы рационалистік тұрғыдан түсінуге, жүйелеуге және оқытуға болатын нәрселермен айналысады. Риторика осы уақытқа дейін классикалық білім берудің негізгі пәндерінің бірі болды және болып қала береді. Тиімді-экспрессивті, көркем-бейнелі сөз белгілі бір мәдени қасиеттің ерекше эмоционалды реакцияларын қоздыруға қабілетті. Сөздің қолданбалы өнері мағынасындағы «риториканы» түсіну риторикалық құбылыстың утилитарлық-көркемдік және эстетикалық қосарлануын қолданбалы өнер мен сәулет өнерінің пластикалық түрлерімен және әртүрлі өнердің: театрдың, музыканың, кескіндеменің экспрессивті мүмкіндіктерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Мәдениеттің кез-келген тарихи түрінің негізі (біздің жағдайда ежелгі және қазіргі заман мәдениеті) оған сәйкес келетін тұлға түрі болып табылады. Еркін емес, ажыратылған, пассивті, шектеулі адам мәдениет үшін қауіпті, оған адамның маңызды қажеттіліктерінің бірі-басқа адамдарға деген қажеттілікті жүзеге асыратын сөз арқылы риторикалық тұлға типі қарсы болуы мүмкін. Риторика адамның дәйекті қалыптасуына, өзін-өзі тануына, өзін-өзі көтеруіне көмектеседі. Қазіргі уақытта шешендік өнер мәдени құбылыс ретінде өзінің жеке мәнін, жеке тұлғаны оның әлеуметтік байланыстарының барлық байлығында және жеке тұлға ретінде адам тұқымының өкілі ретінде өсіру тәсілін көрсете алады. Риторика жемісті қарым-қатынас орнатуға көмектесуі керек, бірақ ол тек тиімді коммуникация технологиясы ретінде қызмет етеді. Гуманитарлық мәдениетті дамытудың маңызды тетігі – диалог. Гуманистік мәдениеттің ең маңызды ерекшелігі – жалпы гуманистік қарым-қатынас идеясына назар аудару, өйткені бұл идеал гуманистік мәдениеттің бүкіл тарихының қозғалысын анықтайды. Шешендік өнер – бұл мәдениет арқылы берілетін адами қарым-қатынастың оңтайландырушы механизмі.

Мәдени мұраны қайта қарау өркениет тарихындағы табиғи процесс болып табылады және әдетте оның мақсаты білімнің немесе адам қызметінің белгілі бір саласындағы прогресті ынталандыру болып табылады. Мәдениет тарихы көрсеткендей, гуманитарлық құндылықтар басым болған әр дәуірде риторика қайта ашылып, осы құндылықтарға санкция беріп, нормативті түрде рәсімдеу арқылы күшке ие болды. Риторика пәні күрделі және аралас. Риторика өзіміздің бір бөлігіміз болып табылатын ғасырлар бойы қалыптасқан тиімді сөз мәдениетін зерттейді. Риторика сөйлеу өнері ретінде де, осы өнердің теориясы ретінде де, бай мәдени дәстүрге негізделген ғылыми пән ретінде де, идеяны сөзге айналдырудың тұтас бағдарламасы ретінде де, ой-сөйлеу әрекетінің жалпы теориясы ретінде де үлкен қызығушылық тудырады. Тіпті риторика тарихына көз жүгіртсек, оның философиямен, эстетикамен, логикамен, этикамен, психологиямен,

элеуметтанумен, лингвистикамен және т. б. тармақталған байланыстарын көруге мүмкіндік береді. Риторика теориясына мұқият назар аудару риторикалық мәдениетті гуманитарлық мәдениетпен сәйкестендіруге (белгілі бір мағынада), оны соңғы көріністің сөйлеу формасы деп санауға мүмкіндік береді. XVIII ғасырдағы Батыс Еуропа көркем мәдениеті жайлы жазылған бір еңбекте: «Гуманитарная культура «проблемно-провокационна» оно концентрирует в себе наиболее драматические для человеческого бытия вопросы и ответы и тем самым заставляет человека творчески самоопределиваться по отношению к ним» – деп жазған екен. Мұнда, гуманитарлық мәдениеттен аутку ол адам өмірі үшін қауіпті сұрақтар мен жауаптарды адам санасына шоғырландырады және сол арқылы адамды ойлануға жетелейді, сонымен қатар, шығармашылық ойлау арқылы өзін-өзі тануға мәжбүр болатындығын айтқан [5, 45-б.].

Диалог – гуманитарлық мәдениетті дамытудың маңызды тетігі. Гуманитарлық ой мағыналы ойларды қабылдауға бағытталғандықтан адам ойын байытады және мәнерлі мағыналы, мәдени сөйлеуге жетелейді. Бұл туралы орыс ғалымы өз еңбегінде: «Предмет гуманитарных наук – выразительное и говорящее бытие» – деген екен. Осы пікірге сүйене отырып, гуманитарлық ой – өмірде мәнерлі сөйлеудің негізі деген ой қорытуға болады. Ал гуманитарлық мәдениет – ол ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылатын адам рухының белсенділігі [6, 80-б.].

Шешендік өнердің нормативтік түсіндірмесі мәдени дискурсты логостың яғни, ой мен сөздің кең таралған күшімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Тілдің өмір сүру фактісі әрқашан таң қалдырды, ал оның табиғаты рефлексия мен болжамның тақырыбына айналды. Тіл әрқашан философиялық зерттеулер саласында болды. Философия белгілі бір тілдік өрнектердің заңдылығын анықтап, олардың мағыналарын белгіледі [7].

Ойлау мен сөйлеудің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі қарым-қатынасын шешу екі экстремалды полюстің арасында – сәйкестендіру, яғни, ой мен сөздің толық бірігуі (ой – «сөйлеу минус дыбыс») және олардың толық тәуелсіздігі мен бөлінуі арасында болды. Ой, іс-әрекет ішкі және субъективті, сөзде өзі үшін сыртқы объектіге айналады және объект ретінде өзіне оралады [8]. Сөйлеу ойлау бірлігі немесе сөз-субъект пен объект арасындағы алғашқы делдал. Дыбыстық сөзбен байланыссыз ой айқындыққа жете алмайды. Риторика сөйлеуді «ойлау болмысы» ретінде тәжірибе жасауға мүмкіндік береді; сөйлеу құралдарының бүкіл жүйесін қалыпқа келтіре отырып, ол тілдің өзіндік философиялық теориясы ретінде әрекет етеді [9].

Шешен сөйлеу – бұл тек философиялық ойлауға ғана негізделмейді, сонымен қатар, сөздің эстетикасын сақтайды. Эстетикалық маңыздылығы, көркемдік-поэтикалық экспрессивтілігі, дыбыстық сөйлеудің

пропорционалдылығы мен сұлулығы, көркемдік қызметтің кез-келген басқа саласы сияқты, шығармашылық күш-жігердің нәтижесі болып табылады. Мәдениет – шешен сөйлеудің немесе шешендік өнерді меңгеру арқылы қалыптасқан шығармашылық қадір-қасиетінің сұлулығы. Сұлулық ішкі және сыртқы, мазмұн мен форманың, идеалды және нақты, рухани және материалдың бірігуіне әкеледі. Оның эстетикалық іске асырылуы кезінде біздің «шешендік еркіндігіміз» заңның немесе дәстүрдің күшімен шектеледі. Шешен сөйлеуде заманауи тілдік ұғымдарда негізінде қолданылатын әр сөз оның көркемдік- поэтикалық мәнін ашатын сөз болып табылады. Негізгі термин сөз риторика мен эстетика арасындағы теңдік белгісін қоюға мүмкіндік береді [10, 239-250-б.].

Қорытынды

Риторика – сөйлеу этикасы. Сөйлеу арқылы адам өзінің бар танымын көрседі. Қазақ халқы адамды сөзінен таныған. Сондықтан да әсерлі сөйлеу адами қарым-қатынастың ерекше, қайталанбас әрекеті. «Сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген халық мақалының тұңғығында адами кемелдік қалыптасу бар. Кемелдік – адамның өзін-өзі өзгертуге деген саналы күш-жігерінің нәтижесі немесе моральдық идеалмен берілген үлгіге сәйкес келуге деген ұмтылыс. Яғни, адамның сөйлеу мәдениетіне дағдылануы жеке тұлғаның болмысы үшін сындарлы маңызы бар жеке құндылықтар жүйесінің мақсатты қалыптасуы ретінде қарастыруға болады. Араздықты жою және адамдар арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігіне ұмтылу – бұл өтірікке, зорлық-зомбылыққа және адамдарды қорлайтын және ажырататын барлық нәрселерге қарсы тұратын риторикалық өзара әрекеттесудің мақсаты. Сөйлеу мінез-құлқының этикалық идеалы – адамдар арасындағы осындай келісімге қол жеткізу, бұл олардың лайықты және бақытты өмір сүру құқығы көрінісінің дәстүрлі жалғасы болар еді [11, 117-б.].

Қай заманды алсақ та шешен сөйлеудің ең жақсы үлгілерінен әрқашан ойдың, сөздің және істің органикалық бірлігін көреміз. Мұнда сөйлеуші тұлғаның шапшаң ойлау мен психикалық қабілеттерін ашуда оның өмірінің рухани бастауы ауызша өзара сөйлесу өнерінде толық және тұтастықта көрінеді. Жеке тұлғаға болып қалыптасудан супер тұлғаға деген ұмтылыс – ойлау және сөйлеу деп аталатын әрекеттің пафосы [12].

Мәдени сөйлеуде риторикаға жүгіну маңызды, өйткені ол гуманитарлық циклдің ең көне пәндері ғана емес, сонымен бірге қазіргі таңда да қажеттілігін жоғалтпаған. Дегенмен, қазіргі таңда көптеген риторикалық трактаттардың әлі күнге дейін табиғаты ашылып, мән-мағынасы терең жүйеленбеген және сөйлеу мәдениетінің талғамына сай ғылыми саралануды қажет етеді. Қолданбалы аспектіде риторикалық мұра өте алуан түрлі. Ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейін риторикалық өнер технологиясы

жетілдірілуде, риторикалық трактаттардың шексіз санында адамның сөйлеу мінез-құлқында жасырылған бай құпияларды ашуға мүмкіндіктер бар. Ал мәденісөйлеуді сапалы түрде жетілдіру мүмкіндіктері шексіз. Шешілетін мәселелердің кең спектрі қазіргі заманғы мамандарға жақын арада риторикалық ғылым мен практиканың барлық маңызды бөлімдерін қамтуға, бар вакуумды осындай біліммен, идеялармен, теориялармен, оқу пәндерімен толтыруға мүмкіндік береді, жаңа ғасырдың табалдырығында бейнелі сөз өнері тұжырымдамасын құруға негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Аристотель.** Поэтика. Риторика. О душе. – М. : Мир книги, 2009. – 400 с.

2 **Әлменұлы, Б.** Шешендік сөздер : жинақ. – Толық. 3-бас. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2007. – 218-б. – [Электронды ресурс]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/order-book> (жүгінген күні: 05.09.2025).

3 **Әбдіқұлова, Р. М.** Шешендік сөздердің көркемдік жүйесі : монография. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2018. – 94 б. – [Электронды ресурс]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/order-book> (жүгінген күні: 12.08.2025).

4 **Бахтин, М. М.** Собрание сочинений. Т. 5 : Работы 1940–1960 гг. – М. : Русские словари, 1996. – 731 с.

5 **Бөрібаев, С. М., Кузембаева, Г. А., Анесова, А. Ж.** Тіл мен мәдениеттің байланысы: ағылшын тілінің оқулықтарын сипаттамалық талдау // Филологиялық серия. – Павлодар, 2023. – № 3. – Б. 37–50. – <https://doi.org/10.48081/GLPR6468>.

6 **Дәдебаев, Ж.** Шешендік өнер теориясының негіздері : монография. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2016. – 285-б. – [Электронды ресурс]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/book/16976> (жүгінген күні: 20.09.2025).

7 **Машрапова, З. С., Болат, А.** Тіл, ойлау, ми: нейролингвистиканың негізгі мәселелері. // Филологиялық серия. – Павлодар, 2023. – № 1. – Б. 239–250. – <https://doi.org/10.48081/GLPR6468>.

8 **Молдабеков, Ж. Ж.** Шешендік : оқу құралы. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2014. – 379-б. – [Электронды ресурс]. – URL: <https://elib.kaznu.kz/book/21265> (жүгінген күні: 01.10.2025).

9 **Оразбаева, А. С.** Шешендік өнердің сөйлеу мәдениетіндегі рөлі // Қазақстан ПҒА хабаршысы. – 2009. – № 1. – Б. 57–62.

10 Риторика и стиль. – М. : Мир книги, 1984. – 12 с.

11 **Сыздықова, Р.** Сөз сазы : сөзді дұрыс айту нормалары. – Алматы : Санат, 1995. – 117-б. – [Электронды ресурс]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/book/2172> (жүгінген күні: 18.07.2025).

12 Западноевропейская художественная культура XVIII века : сб. статей / отв. ред. В. Н. Прокофьев. – М. : Наука, 1980. – 255 с.

REFERENCES

1 **Aristotel.** *Poetika. Ritorika. O dushe. [Poetics. Rhetoric. On the Soul]. – Moscow : Mir knigi, 2009. – 400 p.

2 **Almenuly, B.** Sheshendik sozder: zhinak. [Collection of Oratory Works]. – Tolyk. 3-bas. – Almaty : Qazaq un-ti, 2007. – 218 p. – [Electronic resource]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/order-book> (Access date 05.09.2025).

3 **Abdiqulova, R. M.** Sheshendik sozderdin korkemdik zhujesi: monografiya. [The Artistic System of Oratory: Monograph]. – Almaty : Qazaq un-ti, 2018. – 94 p. – [Electronic resource]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/order-book> (Access date 12.08.2025).

4 **Bakhtin, M. M.** Sbranie sochinenij. T. 5: Raboty 1940–1960 gg. [Collected Works. Vol. 5: Works of 1940–1960]. – Moscow : Russkie slovari, 1996. – 731 p.

5 **Boribaev, S. M., Kuzembaeva, G. A., Anesova, A. Zh.** Til men mädeniettin bajlansy: agylshyn tilinin oqulyqtaryn sipattamalyk taldau. [The Relationship Between Language and Culture: Descriptive Analysis of English Textbooks] // Filologiyalyq seriya. – Pavlodar, 2023. – № 3. – P. 37–50. – <https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

6 **Dadebaev, Zh.** Sheshendik oner teoriyasynyñ negizderi: monografiya. [Foundations of the Theory of Oratory: Monograph]. – Almaty : Qazaq un-ti, 2016. – 285 p. – [Electronic resource]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/book/16976> (zhugingun kuni: 20.09.2025).

7 **Mashrapova, Z. C., Bolat, A.** Til, ojlaw, mi: nejrolingvistikanyñ negizgi maseleleri. [Language, Thinking, Brain : Main Issues of Neurolinguistics] // Filologiyalyq seriya. – Pavlodar, 2023. – № 1. – P. 239–250. – <https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

8 **Moldabekov, Zh. Zh.** Sheshendik: oqu kuraly. [Oratory: Textbook]. – Almaty : Qazaq un-ti, 2014. – 379 p. – [Electronic resource]. – URL: <https://elib.kaznu.kz/book/21265> (Access date 01.10.2025)

9 **Orazbaeva, A. S.** Sheshendik onerdiñ sojleu madenietindegi roli. [The Role of Oratory in Speech Culture] // Qazaqstan PGA xabarshysy. – 2009. – № 1. – P. 57–62.

10 Ritorika i stil`. [Rhetoric and Style]. – Moscow : Mir knigi, 1984. – 12 p.

11 **Syzdyqova, R.** Soz sazy: sozdi durys ajtu normalary. [The Melody of Speech: Norms of Correct Pronunciation]. – Almaty: Sanat, 1995. – 117 p. – [Electronic resource]. – URL: <http://elib.kaznu.kz/book/2172> (Access date 18.07.2025).

12 Zapadnoevropejskaya xudozhestvennaya kultura XVIII veka: sb. statej / otv. red. V. N. Prokofev. [Western European Artistic Culture of the 18th Century: Collection of Articles]. – Moscow : Nauka, 1980. – 255 p.

11.11.25 ж. баспаға түсті.

15.12.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. М. Шормакова¹, Ж. Бейсенұлы², Е. Б. Абдимомынов³

^{1,2,3}Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати,

Республика Казахстан, г. Тараз.

Поступило в редакцию 11.11.25.

Поступило с исправлениями 15.12.25.

Принято в печать 16.02.26.

РИТОРИКА КАК СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ КУЛЬТУРНОГО ФЕНОМЕНА

В данной статье рассматриваются внутренняя структура риторики и её связь с другими областями знания. Анализируется общественная значимость искусства красноречия, истоки которого уходят в античную эпоху. В частности, опираясь на высказывание Аристотеля о том, что риторика – это дар природы и талант, и на утверждение Платона, что риторика – это «покорение души посредством слова», авторы проводят сопоставительный анализ.

Кроме того, с опорой на взгляды учёных, рассматривающих риторикку с культурологической, историографической, историко-сравнительной и философско-антропологической точек зрения, раскрываются её многомерная сущность, развитие и функции.

В качестве основы использованы труды Ж. Дәдебаева, Ж. Молдабекова, Р. М. Әбдіқұловой, а также приведены научные положения Р. Сыздықовой и примеры речей казахских ораторов.

Отмечается, что на протяжении веков риторикку рассматривали как одну из классических гуманитарных дисциплин; овладение искусством красноречия способствует развитию логического мышления, умению говорить рассудительно, уместно, спокойно и убедительно. Подчёркивается значимость обращения к риторике в культуре речи и её неизменная актуальность в современную эпоху.

Результаты исследования могут быть использованы при преподавании курсов по риторике, культуре речи, культурологии, эстетике, истории мировой культуры, теории культуры и философии.

Ключевые слова: риторика, культура речи, ораторская речь, ортология, правильность речи, Логос, Этос, Пафос.

*S. M. Shormakova¹, Zh. Beisenuly², Ye. B. Abdimomynov³

^{1,2,3}M. Kh. Dulaty Taraz Regional University,

Republic of Kazakhstan, Taraz.

Received 11.11.25.

Received in revised form 15.12.25.

Accepted for publication 16.02.26.

RHETORIC AS AN INTEGRAL PART OF A CULTURAL PHENOMENON

This article describes the internal structure of rhetoric and its relationship with other fields of knowledge. The social significance of oratory, which originates from the era of antiquity, is analyzed based on Aristotle's view of rhetoric as a natural gift and talent, and Plato's interpretation of rhetoric as «the conquest of the soul by means of words». In addition, relying on the opinions of scholars who have approached rhetoric from cultural, historiographical, historical-comparative, and philosophical-anthropological perspectives, the study examines its multidimensional essence, development, and function.

In particular, the works of Zh. Dadebaev, Zh. Moldabekov, and R. M. Abdikulova are taken as a basis, along with references to the scientific conclusions of R. Syzdykova and the speeches of Kazakh orators.

Over the centuries, rhetoric has been regarded as one of the classical humanities, fostering in a person the ability to think deeply and speak wisely, sharpening logic, and developing skillful, appropriate, calm, and confident speech. The importance of turning to rhetoric in cultured speech and its continuing relevance in the modern era are emphasized.

The research results can be applied in teaching courses on rhetoric, speech culture, cultural studies, aesthetics, world cultural history, theory of culture, and philosophy.

Keywords: rhetoric, speech culture, oratorical speech, orthology, correctness of speech, Logos, Ethos, Pathos.

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz